

Тони Малгроув – КПО-ның қаржылық директоры

«Карачаганак Петролиум Оперейтинг Б.В.» (КПО) компаниясының қаржылық директоры ретінде Тони Малгроув компанияның өндірістік қызметіне және Батыс Қазақстан облысында орналасқан орасан зор Қарашығанақ мұнайгазконденсатты кен орнының дамуына тікелей қатысты компанияның қаржылық ресурстарын жалпы басқаруға жауап береді.

Тонидің міндетіне компанияның қаржылық жағдайын басқару, табысты бөлу мен салықты төлеуді қоса айтқанда, қабылдаған міндеттемелерді орындау, компанияның қаржылық есебін жасау кіреді.

Тони BG Group компаниясында 22 жылдан бері жұмыс жасайды. КПО-дағы осы қызметке тағайындалғанша Каирда орналасқан табиғи газды сұйылту жөніндегі (ELNG) Египет жобасында бас қаржылық директор қызметін атқарды.

ELNG-дегі жұмысына кірісерден бұрын Тони Қарашығанақ жобасына қатысты бірнеше қаржылық есептерді жүргізген.

Екінші кезеңді жүзеге асыру кезінде Тони КПО компаниясының қаржылық басқарушысы қызметін, сол сияқты бизнесті басқару жөніндегі менеджер қызметтерін атқарған. Содан кейін ол Москваға көшіп барып, Каспий Құбыр желісі Консорциумында (КТК) қаржылық директордың орынбасары қызметін атқарды. Бұдан басқа, Тони Астана қаласындағы Би Джи Қазақстан компаниясында қаржылық менеджер болып жұмыс жасаған.

Оның бай техникалық тәжірибесі, қаржылық есепті жасаудағы біліктілігі, сол сияқты нарықтың қаржылық жағдайын болжай алатын қасиеттері бар. Ол әлемнің Египет, Қазақстан, Италия, Ресей, Болгария, және Ұлыбритания сияқты көптеген елдерінде тұрып жұмыс жасаған.

«Карачаганак Петролиум Оперейтинг Б.В.» (КПО) компаниясы тағы да Каспий өңірі аймағындағы және Орталық Азиядағы халықаралық мұнайгаз көрмесі KIOGE 2009 бен соған қатарласа Алматы қаласында қазан айының алтысы мен тоғызы аралығында өткізілген конференцияға қатысты.

Биылғы жылғы KIOGE бірқатар елеулі даталармен қатар келді – тұңғыш дипломды мұнайшы-қазақтың бірі Сафи Өтебаевтың 100 жылдығы мен қазақстан мұнайының 110 жылдығы. Қазақстан мұнайының туған күні болып Атырау облысындағы Қарашұғұн кен орнында 7 – іші ұңғымада алғашқы мұнай фонтаны атқылаған 1889 жылдың қараша айы саналады.

110 жыл ішінде, әсіресе, тәуелсіздік алған жылдардан кейін қазақстанның мұнайгаз саласы қарқынды дамыды. Бүгінде мұнайгаз секторынан түскен табыс Қазақстанның валюталық және бюджеттік кірістерінің қомақты бөлігін қамтиды. Қазірдің өзінде Қазақстан көмірсутекті шикізат қоры бар ірі 15 елдің және 2025 жылға дейін мұнай өндіру көрсеткішін жоғарылата алатын әлемнің әлеуеті 5 аймағының қатарына кіреді.

Қазақстан Республикасының энергетика және минералды ресурстар Министрі Сауат Мыңбаев KIOGE 2009-ға қатысушыларға жолдаған хатында былай деп атап көрсетеді: «Бұл көрме Қазақстан көлемінде ғана емес, бүкіл орталық азиялық аймақта өткізілетін осындай іс-шаралардың ең ірі және беделді ретіндегі мәртебеге ие болып үлгерді. Бұның өзі Қазақстанның Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың басқаруымен жеткен жетістіктерінің нақты көрсеткіштерінің бірі».

«Карачаганак Петролиум Оперейтинг Б.В.» компаниясы KIOGE 2009-ға екі стендті апарған. 9С павильонында орналасқан КПО-ның негізгі стендті дәстүрлі ұлттық стил элементтері бар жаңа заманға сай дизайнмен ерекшеленеді. Стендін көрушілер КПО-ның соңғы онжылдықта қол жеткізген өндірістік қызметінің нәтижелерімен егжей-тегжейлі таныса алады. Бұл жылдар ішінде КПО көмірсутекті

КПО өз жетістіктерін KIOGE 2009-ға ұсынады



шикізатты өндіру мен қайта өңдеудің алдыңғы қатарлы технологиясының үлгісі болып табылатын жаңа нысандар салып, пайдалануға берді. Ол технологиялар өндірістік қауіпсіздік пен қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ету жағынан қазақстандық және халықаралық норматив талаптарына толық сай.

Сондай-ақ КПО көрме кешенінің 11 павильонында өткен Oil & Gas Job Fair бос орындар жәрмеңкесіне де қатысты. Жәрмеңкенің негізгі мақсаты – мұнайгаз саласындағы өздерінің кәсіби деңгейлерін және қызметтік дәрежелерін көтеру мүмкіндігін іздестіруші мамандар мен жоғары оқу орындарының түлектерін тарту.

Биылғы жылы КПО-ның басқарушы құрамы өзгерді. КПО делегациясын компанияның жаңа бас директоры Джузеппе Пази басқарып барды. Джузеппе «Эни» компаниясында 24

жыл Италияда және басқа да елдерде басшылық қызметтерде жұмыс жасаған. Джузеппе Пазидің осыдан бұрынғы қызметтегі лауазымы – «Эни» компаниясының Египеттегі бірлескен кәсіпорнында өндіріс жөніндегі басқарушы директор және бас менеджердің орынбасары.

Қарашығанақтың қоры тоғыз миллиард баррель сұйық көмірсутегі мен 48 триллион куб. фут газды құрайтыны белгілі. Бұл Қазақстан Республикасындағы жұмыс істеп тұрған ірі газды кен орны. Мұнда өндіріліп жатқан газдың көлемі Қазақстанда игеріліп жатқан газдың 45% құрайды, ал сұйық көмірсутегі өндірілуде өндіріліп жатқан мұнай мен конденсаттың жалпы көлемінің 16% құрайды.

Қарашығанақ – бұл тек көмірсутегінің қомақты қоры ғана емес. Кен орнын игеру қазақстан экономикасының өркендеуіне маңызды үлес

Паоло Репетти - КПО-ның сервистік қамтамасыз ету жөніндегі директоры

«Карачаганак Петролиум Оперейтинг Б.В.» (КПО) компаниясының сервистік қызмет көрсетумен қамтамасыз ету жөніндегі директоры ретінде Паоло Репеттидің міндетіне Қарашығанақ мұнайгазконденсатты кен орны аумағындағы барлық өндірістік нысандарды күн сайын сервистік қызмет көрсетумен қамтамасыз етуге басшылық жасау кіреді.

Паоло жетекшілік ететін директорат келісім-шарттар мен сатып алу қызметімен, ақпараттық технология және телекоммуникациямен айналысады, сол сияқты КПО нысандарының қалыпты жұмыс жасауы үшін олардың пайдалану талаптарын ескере отырып қажетті инфрақұрылыммен қамтамасыз етеді. Сонымен бірге Паоло КПО компаниясындағы SAP жүйесі бағдарламасының енгізілуін қадағалауға және «Ақсай Консолидация» жобасының орындалуын бақылауға тиіс.

Қазір Паоло Батыс Қазақстан облысы, Ақсай қаласында тұрады.

Паоло Eni S.p.A компаниясына 2001 жылы келген, ал бес жылдан бері КПО компаниясында жұмыс жасайды. Қазіргі қызметіне тағайындалғанға дейін Паоло КПО-ның бизнесті жоспарлау жөніндегі басқарушысы қызметін атқарды. Бұл қызметте ол кәсіпорында бизнесті жоспарлау жұмысына жалпы басшылық жасауға және соның ішінде, құрылтайшы компаниялар мен қадағалаушы мемлекеттік орган «ҚазМұнайГаз» ҰК арасындағы маңызды байланыстарды үйлестіру және басшылық жасауға жауап берді.

Қаржы және аудит саласында, сол сияқты жалпы басшылық жұмысында бай тәжірибесі бар Паоло КПО компаниясының жұмысына елеулі үлес қоса алады. Ол Қазақстан, Ұлыбритания және Италия сияқты бірқатар елдерде тұрып, жұмыс жасаған.

жалпы алғанда батысқазақстан аймағының экономикалық дамуына ұзақ уақытқа мүмкіндік береді.

KIOGE қатысушылардың арасында әлемдік экономиканың көшбасшылары: ірі транспұлтық мұнайгаз концерндері, отандық мұнайгаз өндірісінің операторлары, қызмет көрсетуші ұйымдар бар. Бұл шараның бедел алуындағы басты ұйымдар деп мыналарды атауға болады: КР энергетика және минералдық ресурстар Министрілігі, «Қазмұнайгаз» Ұлттық компаниясы» АҚ еншілес кәсіпорындарымен, Chevron, CNPC, Тенгизшевроил (ТШО), NCOG, КПО, LUKOIL, Total, «Казгидронефтегаз» ИК, Мұнайгазинжиниринг, НИПИ Мұнайгаз, Каспий Құбыр желісі Консорциумы. KIOGE-ге бастапқы күннен бастап осы әріптестері қолдау көрсетті. Мұндай әріптестік шараға іскерлік реңк береді және оны барынша тиімді етіп өткізуге мүмкіндік жасайды. Көптеген күрделі мәселелер форум кезінде шешіледі. Соңғы жылдары KIOGE-нің сапалық және сандық құрамы тұрақты, өркендеу ісі жалғасып келеді. Дамудың өртүрлі жетістіктері мен жаңа жолдары туралы да айтуға тұрарлық.

Биылғы жылы көрмеге өз позицияларын 30 елден 600 компания өкеліпті. Шараның тұрақты ұйымдастырушысы – Итеса қазақстанның көрме компаниясы және Ресей, Германия, Турция, Қытай және басқа да елдердегі әріптестерімен бірлесіп отырып ІТЕ көрме компаниясының халықаралық тобы. KIOGE құрылған күнінен бастап жыл сайын МЭМР мен «ҚМГ ҰК» АҚ қатысуымен өтеді.

Ұйымдастырушылар мұнайгаз саласының барша өкілдері үшін көкейтесті іс-шаралардан тұратын үлкен бағдарлама дайындаған.

KIOGE-нің конференциясы қазан айының 7-8 күндері InterContinental Almaty - The Ankara in Kazakhstan қонақүйінде өткізілді. Оның жұмысына 100-ден астам делегат қатысты. Бағдарламаға мұнайгаз саласының бірқатар компаниялары өкілдерінің баяндамалары кіргізілген.

Жоғары бағаланды

«Левша» көшпелі өнер мектебінің ашылғанына бірнеше жылдың ғана жүзі болды. Осы уақыт ішінде оның үйірмелерінде басынан бастап қатысып келе жатқандар да, жас таланттар тобын толықтырып, жаңадан келіп жатқандар да бар. Бұл мектепке қатысу үшін жаңа оқу жылының басталуын күту міндет емес. Балалар кейде қызық көріп келеді де, осындағы үйірмелердің біріне қалып қояды. Қалып қоятын да жөні бар. Өйткені өзі құралпы балалардың қолынан шыққан таңғажайып дүние оларды таңғалтпай, қызықтырмай қоймайды. Мектеп ұстаздары болса балаларға дарынсыз адам болмайтынын, тек бойдағы өнер үшқынын лаулауға, яғни өнер көзін ашуға көмектесе білу керек деп есептейді. Мұғалімдер ұжымының барлық қызметі осы мақсатқа жұмылдырылған. Сабақтар Қарашығанақ кен орнына жақын орналасқан сегіз সেлода жүргізіледі. Мұғалімдердің өздері аптасына екі рет келеді, сабаққа қажетті материалдарды өздерімен бірге ала келеді.

Ашылғалы бері жиналған балалардың жұмысының көрмесі Жарсуат орта мектебінің дәлізіне көрметтей көрік беріп тұр. Ал бұл көрмені жақында Бөрлі ауданына келген сапары барысында БҚО әкімі Сапарқожа Ізмұхамбетов тамашалаған болатын. Бұл делегацияны мектептің айнымас директоры Николай Нюдиловичев қарсы алды. Оның айтуын-

ша көрмені дайындаудағы ең қиыны – ең жақсы жұмыстарды іріктеп, таңдап алу екен. Өрбір жасалған туынды өзіндік сан қырлы шеберлік ерекшелігімен сан алуан, бірінен-бірі асып түседі. Жарсуаттық шебер қолдардың тағы бір мақтаншысы – балалардың әртүрлі байқаулар мен көрмелерде алған мақтау

сурет салу, қамырдан немесе балшықтан жасау және майлы бояумен өрнектелген әдемі картинаны сыйға тартты. Бұл жұмысты ұжымдық шығармашылық деуге әбден болады, өйткені оны бірнеше балғын суретшілер бірлесіп отырып өмірге әкелді. Жұмыс техникасын үйренумен бірге оқушылар ұстаздарынан



қағаздары мен дипломдарының тұтастай галереясы. Облыс басшысы «Левша» өнер мектебінің жұмысы мен балалардың талантты істеріне ризашылықпен көңіл аударып, жоғары баға берген.

Бұл кездесуде «Левша» өнер мектебінің директоры Николай Нюдиловичев Батыс Қазақстан облысы әкімі Б. Ізмұхамбетовке шеберлігі мен жұмыстарының орындау техникасының қызықты әдіс-тәсілдері үндескен, яғни

ісмерлік пен ұлттық қолөнер, көркем шығармашылық тарихы жайында да көп нәрсе біледі.

Мектеп күннен-күнге жан-жақты дамып келеді, ал балалардың жоспарларында – жаңа ізденістер, ең бастысы – КПО компаниясы жасап отырған шеберлігімен айналысу мүмкіндігінің арқасында осынау өнер қуған балалардың өмірі кішкене болса да қызықты бола түсті.

Шын жүректен алғыс айтамыз

Ағылшын тілінің мұғалімдері Лидия Александровна Ференец пен Надежда Александровна Шиганаква қолымен құрған «Меридиан» клубы №3 орта мектептің мақтанышы болып табылады. №3 орта мектептің қаншама түлектері осы клубтан қанаттанып шықты. Бұл клубтың мүшелері әртүрлі елдердің өкілдерімен достасып кетті, клубтың отырыстарына АҚШ-тан, Ұлыбританиядан, Италиядан, Австралиядан, Канададан және басқа да елдерден қаншама қонақтар қатысты. Кейбір ағылшын тілді елдердің өкілдерімен арадағы достық іскерлікке жалғасты, әсіресе, «Меридиан» клубының мүшелері көптеген жылдар бойы қарым-қатынас жасап келе жатқан Ұлыбританиялық Моргандрдың отбасы туралы осылай айтуға болады. Бұл достықтың бастамашысы КПО компаниясының жобалау бөлімінің менеджері Гарри Морган. Гарридің өзі клубтың отырыстарына көп рет қатысты және ақсайлық оқушылармен достасуға өзінің отбасын да тартты. Міне, бірнеше жылдан бері Моргандрдың отбасы №3 орта мектептің оқушылары мен мұғалімдері үшін ағылшын тілінде оқулық кітаптарды жинап жүр. Бұндай игілікті іспен оның балалары Джек пен Бен ғана емес, аталары мен әжелері де айналысуда. Өткен жылы көктемде Гарри Морганның кіші ұлы Джек Ақсайда болып, «Меридиан» клубының мүшелерімен танысты. Ол өзімен бірге алып келген көптеген ағылшын тіліндегі пайдалы әрі қажетті кітаптарды мектепке сыйға тартты. Биылғы жылы Гарри Морганның үлкен ұлы Бен Морган «Меридиан» клубының отырысында болды. Кездесу өте қызықты өтті, клубтың қатысушылары Бенді өз мектептерінде көргендеріне қатты қуанышта болды. Қадірлі қонақтың құрметіне клуб мүшелері Қазақстанның әңұранын қазақ тілінде орындап берді, сол сияқты қазақ және орыс тілдерінде әндер шырқалды. Содан кейін олар ресми емес әңгімеге кірісті. Бенге оның отбасы туралы, оқуы жөнінде, оның неге қызығатыны жайында, алдағы жоспарлары туралы көптеген сауалдар қойылып, ол бұл сұрақтарға нақты, кеңінен жауап берді. Оқушылар өздерін таныстырды, өздері туралы, өз отбасылары жөнінде, Қазақстан жайында әңгімелеп берді. Бірнеше тілде әңгіме айтылды: ағылшынша, қазақша, французша сөйлеп жатты. Бен №3 орта мектепке ағылшын тіліндегі әсем безендірілген әртүрлі энциклопедиялар, оқулықтар, оқу құралдары, оқитын кітаптар әкеліп, сыйға тартты.

«Меридиан» клубының барлық мүшелері – оқушылар мен ағылшын тілінің мұғалімдері Морганның отбасына ағылшын тілін меңгеру үшін жасап отырған көмектері үшін, жүректерінің кеңдігі үшін шын көңілден алғыс айтты. Клубтың жұмысы жалғасып жатыр, оның кейбір мүшелері мектеппен қолтасып, үлкен өмірге аяқ басты. Сөйтсе де, кейбіреулері студент бола жүріп, өз мектебін және өз клубын ұмытпайды, мүмкіндік болғанда келіп тұрады. Олар – Сергей Макагонов, Роза Байғужиева және тағы басқалар. Биылғы жылғы түлектермен, «Меридиан» клубының тұрақты мүшелерімен қолтасу қиын-ақ. Олар - Дима Смоленский, Ахат Имашев, Руслан Овчинников, Денис Воронов, Болат Халелов, Регина Абубакирова.

Олардың ағылшын тілі сабақтарында және клуб отырыстарында алған білімдері болашақта кәсіби өсулеріне және өмір жолдарында пайдаға асады деп сенгіміз келеді.

Орынбор қаласында VI аймақаралық ынтымақтастық Форумы өтті

Ресей мен Қазақстан ынтымақтастығының аймақаралық VI Форумы Орынбор қаласында қыркүйек айының он бірінде өтті. Бұл шараға Ресей Федерациясының президенті Дмитрий Медведев пен Қазақстан Республикасының президенті Нұрсұлтан Назарбаев қатысты.

Форум шеңберінде сауда-экономикалық, шекаралық және мәдени-гуманитарлық ынтымақтастық, сол сияқты отын энергетикалық кешені мен транспорт саласында өзара іскерлік мәселелері

талқыланды. Форумның жұмысына Қазақстанның облыстары мен Ресей аймақтарының басшылары, сол сияқты екі елдің мемлекеттік органдарының басшылары қатысты.

Форум кезінде Ресей мен Қазақстанның озық компанияларының қатысуымен «Отын-энергетикалық кешенідегі инновациялық технология» көрмесі ашылды. Қазақстан мен Ресейдің басқа да компанияларының қатарында бұл көрмеге КПО компаниясының өкілдері де қатысты.

Көрменің бағдарламасына «ОЭКментКШ инновациялық технология. Тәжірибе мен перспективалар» атты конференция да кіреді. Конференцияға ғалымдар, Ресей мен Қазақстанның энергетика, энергожинақтаушы технологиясы саласының мамандары қатысты.

Форум барысында екі мемлекет басшысының екіжақты келісімі жүргізілді, онда екі елдің президенті әлемдік қаржылық экономикалық дағдарыс зардаптарын жою жөніндегі бірлескен кешенді іс-шараларды талқылады.

Қазақстан халқының тілдері күнін атап өтті



Жиырма төртінші қыркүйек күні Чех қалашығы деп аталатын вахталық қалашықтың спорт залында КПО-ның тілдерді дамыту жобасы қызметкерлерінің бастамасымен Қазақстан халқының тілдері күніне арналған мерекелік байқау болып өтті.

Тілдерді дамыту бөлімінің қызметкерлері КПО-ның барша қызметкерлерін әлемнің барлық тілінде мәнерелеп оқу мен ән айтудан жарысқа түсуге шақырған.

Қазақстан халқының тілдері күні КПО-да осымен екінші рет өткізіліп отыр және оның негізгі мақсаты – КПО-да мемлекеттік тілдің қолданылуын насихаттау.

Байқауға қатысушылардың үш - төрт тілді білетіндіктерін ортаға

салуды – бұл байқауды өзге байқаулардан ерекшелендіріп тұрды. Қатысушылар жаңа бастама жалғасын тапса игі деп тарасты.

КПО компаниясының басшылығы әртүрлі оқу курстарын ұсынумен бірге іскерлік қарым-қатынас жасауда тілді белсенді пайдалана отырып, қазақ тілінің өркендеуіне көп көңіл бөліп отырғанын айта кетуге тиіспіз. Соңғы жылдар ішінде компанияда қазақ тілін қолдану деңгейінің едәуір өскені байқалады. Яғни мемлекеттік тілді іс-қағаздар жүргізу тіліне айналдыруға талпыныс бар. Компанияда қазақ, орыс, ағылшын тілдерімен қатар басқа да тілдерді оқып-үйренуге қолдау көрсетіліп отыр.

Ақсайда жол қозғалысы қауіпсіздігін жақсарту

КПО компаниясы соңғы алты айда Ақсай қаласында бірқатар инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыра отырып, жол қозғалысы қауіпсіздігімен байланысты жағдайды біршама жақсартты.

КПО-ның техника қауіпсіздігі бөлімінің қызметкерлері Ақсай қаласында бөрінен бұрын қала тұрғындарына ыңғайлы 19 автобус аялдамасын қоюды жоспарлауда. Қала тұрғындары аялдамаға дейін біршама жер жүретінін ескеріп, КПО-ның техника қауіпсіздігі бөлімінің қызметкерлері автобус аялдамаларын қаланың әр бөлігінде нағыз ыңғайлы жерлерге орналастыруды жөн көріп отыр.

Бірқатар автобус аялдамалары қазірдің өзінде орналастырылып, қала тұрғындары оларды пайдаланып отырғанын айта кеткен дұрыс. Сол сияқты ескі автобус аялдамалары жаңа, осы заманға лайық, ыңғайлы аялдамалармен ауыстырылатын болады.

